

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде шығарылған төртінші купондық субординациялық облигациялар проспектісі

Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасына (уәкілетті органда 2004 жылғы 04 мамырда тіркелген, №В19) сәйкес жүзеге асырылады.

Шығарылымның құрылымы:	
1) Облигация түрі:	Купондық субординациялық облигациялар
2) ⇒ шығарылатын облигациялар саны:	4 000 000 000 дана
⇒ облигация шығарылымының номинал құны бойынша жалпы көлемі:	4 000 000 000 теңге
3) бір облигацияның номинал құны:	1 (бір) теңге
4) облигациялар бойынша сыйақы	
⇒ облигациялар бойынша сыйақының купондық ставкасы:	Номиналдық құнның 7,5 пайыз жылдығы
⇒ сыйақы (купон) есептеу басталатын күн:	Айналым басталған күннен; Облигациялар айналымы осы шығарылым реттеуші органда мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 10-күнтізбелік күні басталады; аталған мерзімді есептеу мемлекеттік тіркеу жасалған күннен кейінгі келесі күні басталады.
⇒ сыйақы (купон) төленетін күндер және төлеу дүркінділігі:	Эмитент сыйақы (купон) төлеуді жылына екі рет, облигация айналысы басталған күннен бастап, 6,12 айдан кейін, жыл сайын өтеу мерзіміне дейін жүргізеді.
⇒ сыйақы (купон) төлеу тәртібі мен шарттары:	Сыйақы төлеу облигация иесінің ағымдағы шотына теңгемен ақша аудару арқылы, төлем кезеңінің соңғы күнінен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Сыйақы алуға төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация иелерінің тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы. Егер сыйақы төленетін күн демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, облигация иелеріне сыйақы төлеу демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Төлем жасаудағы мұндай кідіріс үшін облигация иесінің сыйақы есептеуді немесе қандай да бір өтемақы төлеуді талап ету құқығы жоқ. Төлем жасалатын күнгі купондық сыйақы оның жарты жылдық ставкасына қатысты

	<p>номинал құнның туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ регламентіне сәйкес белгіленеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болып табылса, купондық сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты бар болғанда ғана және теңгемен жүргізіледі. Теңгелік соманы басқа валютаға айырбастау инвестор есебінің іске асырылады.</p>
⇒ Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Эмитент сыйақы (купон) төлеуді «Қазақстан қор биржасы» АҚ есептеу регламентіне сәйкес 360/30 мезгілдік базасы есебі негізінде (бір жылда – 360 күн, бір айда – 30 күн) жүргізеді.
⇒ Индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу тәртібі:	Аталған шығарылым облигациялары индекстелген болып табылмайды
5) облигациялар айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:	
⇒ айналыс мерзімі:	айналыс басталған күннен бастап 10 жыл.
⇒ өтеу талаптары:	<p>Облигациялар номинал құны бойынша теңгемен, төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға сәйкес соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлей отырып, айналыс кезеңі аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға сәйкес облигация иелері тізілімінде тіркелген облигация иелерінің ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы өтеледі.</p> <p>Төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға сәйкес облигация иелері тізілімінде тіркелген тұлғалар соңғы купондық сыйақы мен негізгі борышты алуға құқылы.</p> <p>Егер өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, облигация иелеріне төлем жасау демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Төлем жасаудағы мұндай кідіріс үшін облигация иесінің сыйақы есептеу немесе қандай да бір өтемақы жасауды талап етуге құқығы жоқ.</p> <p>Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болып табылса, облигацияларды өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты бар болғанда ғана және теңгемен жүргізіледі. Инвестордың тиісті сұратуы алынған жағдайда теңгелік сома Банк белгілеген</p>

	бағам бойынша инвестордың есебінен басқа валютаға айырбасталуы мүмкін.
⇒ өтелетін күні:	Облигацияның айналыс мерзімі аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде.
⇒ облигациялар бойынша міндеттемелер орындалатын жер:	Қазақстан Республикасы, 480046, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 97, «Қазақстан Халық Банкі»АҚ.
⇒ облигацияларды өтеу тәсілі:	Негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу облигация иелерінің ағымдағы банк шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі
6) ⇒ облигацияның өз иесіне ұсынатын құқықтары:	<ul style="list-style-type: none"> ❖ осы облигация шығарылымы проспектісінде қарастырылған мерзімде облигацияның номинал құнын алу құқығы; ❖ осы облигация шығарылымы проспектісінде қарастырылған мерзімде сыйақы алу құқығы; ❖ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен ақпарат алу құқығы; ❖ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларға және тәртіпке сәйкес өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; ❖ облигацияларды еркін түрде өз иелігінен шығару және оларға басқаша иелік ету құқығы; ❖ облигацияларды меншіктену құқығынан туындайтын өзге құқықтар.
⇒ мерзімінен бұрын сатып алу:	Бұл Проспектіде облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара және толық сатып алу қарастырылмаған
Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау Ережелерінің №1 Қосымшасының 7-бөліміне сәйкес, мынадай қосымша мәліметтер ұсынамыз:	
7) басталған кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – осы Проспектіде белгіленген сыйақы немесе негізгі борыш төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін 10 күнтізбелік күн ішінде облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номинал құнды төлемеу немесе толық төлемеу.</p> <p>Эмитенттің кінәсінен сыйақы (купон) және/немесе негізгі борыш осы Проспектіле</p>

	<p>және/немесе негізгі борыш осы Проспектіде белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент осы шығарылым облигацияларының иелеріне ақшалай міндеттемелер немесе оның бір бөлігі орындалатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми кері қаржыландыру ставкасына сәйкес әрбір кешіктірілген күн үшін есептелетін өсімпұл төлейді</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда, Инвестор облигациялар бойынша борышты қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етуге құқылы.</p>
8) опциондар туралы ақпарат:	Опциондар қарастырылмаған.
9) облигациялардың айырбасталуы туралы ақпарат:	Облигациялар айырбасталатын болып табылмайды.
10) облигацияларды орналастыру тәсілі:	
⇒ облигацияларды орналастыру мерзімі:	Айналыс мерзімі барысында
⇒ орналастыру тәртібі:	
❖ <i>құйымдастырылған рынокта:</i>	Облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
❖ <i>құйымдастырылмаған рынокта:</i>	Облигацияларды орналастыру жазылу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
⇒ облигацияларды акцияларға айырбастау:	осы Проспектіде облигацияларды акцияларға айырбастау қарастырылмаған
⇒ облигацияларға ақы төлеудің шарттары мен тәртібі:	<p>Облигацияларға ақы төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі;</p> <p>Жеке тұлғалар облигациялар ақысын қолма-қол ақшамен де төлей алады.</p> <p>Облигацияларды орналастыру жазылу жүргізу арқылы жүзеге асырылған кезде облигация үшін ақы төлеу тәртібі мен шарттары Банк пен инвестор арасында жасалған облигацияларды сату-сатып алу шартында көрсетіледі.</p> <p>Облигациялар “Қазақстан қор биржасы” АҚ сауда алаңындағы арнайы сауда-саттық арқылы орналастырылғанда облигацияларға ақы төлеу “Қазақстан қор биржасы” АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.</p>
⇒ облигациялар бойынша қамтамасыз	Облигациялардың осы шығарылымы

ету:	қамтамасыз етілмеген болып табылады.
⇒ облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:	Облигация иелерінің тізілімін құрастыруды, жүргізуді және сақтауды «Қор орталығы» ЖАҚ тіркеушісі жүзеге асырады: «Қор орталығы» ЖАҚ орналасқан мекенжайы: 480012, Алматы қ., Мәуленов к-сі, 92, байланыс телефондары: (3272) 67-63-44, 67-63-45. Тіркеуші 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу қызметін жүзеге асыру құқығын беретін № 0406200253 лицензия негізінде және Эмитентпен жасалған шартқа сәйкес әрекет етеді.
Шығарылымның құрылымы	
⇒ облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет:	Осы шығарылым облигацияларын орналастыруға бағалы қағазар рыногының мынадай кәсіпқой қатысушылары қатысады деп жобаланған: «KIB Asset Management» АҚ, 480072, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 597, тел.: 92 23 43, 92 90 94.
⇒ төлем агенті туралы мәлімет:	Төлем агенті қарастырылмаған; Купондық сыйақы мен негізгі борышты төлеуді Банк дербес жүзеге асырады.
11) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану	Осы шығарылымның мақсаты мыналар болып табылады: ❖ меншікті капиталды ұлғайту; ❖ тартылған қаржы көздерін әртараптандыру және мерзімділігін ұлғайту; ❖ Банктің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді өтімділігіне қолдау көрсету; ❖ экономиканың шынайы секторындағы ірі кәсіпорындарға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске кредит беру саласындағы Банк қызметін жандандыру.

Басқарма Төрағасы

Ә. Сырғабекова

Бас бухгалтер

А.Федченко

М.О.